

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Қордай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № 49 қаулысы . Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 наурызда № 2997 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қордай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Жамангозовке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Досаев

Қордай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "16" ақпандағы
№ 49 қаулысына қосымша

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландырылатын	Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын	Бір айға ата-ананың ақы
--	--	--	-------------------------

№	Мектепке дейінгі мекемелер	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	Жергілікті бюджет есебінен (теңге)	төлеу мөлшері (теңге)
Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар						
1	Шағын орталықтар	1485	175	14198	14198	6000
2	Балабақшалар	1700	1190	25000	25000	7000
Мектепке дейінгі жекеменшік ұйымдар						
1	Шағын орталықтар	150	0	7099	0	0
2	Балабақшалар	395	0	25000	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК